

"Ежелгі Шымкент келбеті"

Авторлар: спецбпб

05.09.2023 12:06 - Жанартылган 05.09.2023 12:31

Сүйікті оқырмандарымыз «Шым Кала» тарихи-мәдени кешеніне барып, "Ежелгі Шымкент келбеті" бірегей іс-шарасына катысып кайтты.

Шара максаты – қору қабілеті шектеулі адамдарға мәдени мұраны қолжетімді әрі әмбебап ету, қаланың тарихы және мәдениетімен таныса алатын инклюзивті орта құру.

Respect!

Келушілер өткен ғасырдағы оқиғаларды толық зерделеп, қаланың бай мәдени мұрасымен танысуы үшін сенсорлық және дыбыстық тәжірибеге баса назар аударатын арнайы бағдарлама жасалды.

Зағип және нашар қоретін оқырмандар үшін арнайы қолқ қызметтері ұсынылып, бағдарлама барысында оқырмандар ескі қаланың архитектурасы мен өткен дәуірлердің тұрмысы мен мәдениетінің ерекшеліктері туралы біле алды.

Гидтер бүгінгі күнге дейін сақталған қонне үйлер мен ғимараттардың архитектуралық ерекшеліктері туралы айтты. Қатысушылар қонне қала туралы толық түсінік алу үшін қабырға текстурасы мен декор элементтерін, әртүрлі өнімдерді өндіруде қолданылатын құралдар мен материалдарды сезіне алды. Қала тұрғындарының күнделікті өмірі, ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы қызықты өңгімелер тыңдады.

Осылайша, "Ежелгі Шымкент келбеті" іс-шарасы қызықты өрі тартымды болып қана қоймай, сонымен қатар зағип келушілерді Шымкент қаласының тұрмысы, мәдениеті мен сәулеті туралы білімдерін қенейтуге шақыратын білім беру алаңына айналды.

Бұл бастама зағип оқырманның білімін қенейтіп қана қоймай, мүмкіндігі шектеулі жандардың қажеттіліктері туралы қоғамның хабардарлығын арттыруға үлес қосқанын атап өту маңызды!

"Ежелгі Шымкент келбеті"

Авторлар: specbib

05.09.2023 12:06 - Жанартылған 05.09.2023 12:31

Біз барлық қатысушылар мен ұйымдастырушыларға іс-шараның сәтті өтуіне қосқан қолдауы мен үлесі үшін алғыс айтамыз!

